

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
2022 жылғы 27 тамыздағы
№ 384 бұйрығына
қосымша

**Шағын жинақты мектеп басшыларына арналған
«Шағын жинақты мектептерде оқу-тәрбие процессін ұйымдастыру
және басқару» тақырыбындағы біліктілікті арттыру курстарының
білім беру бағдарламасы (80 сағ)**

Бағдарлама авторлары:
Оракова Амангул Шахарбековна –
п.ғ.к., доцент, Бельгия ЖМ Гонорар-
профессоры, ХАА академигі
Акжолова Актоты Тулеумуратовна
– ф.ғ.к., ассоц. профессор

Шағын жинақты мектеп басшыларына арналған «Шағын жинақты мектептерде оқу-тәрбие процессін ұйымдастыру және басқару» тақырыбындағы біліктілікті арттыру курстарының білім беру бағдарламасы (80 сағ)

1. Жалпы ереже

1. «Шағын жинақты мектептерде оқу-тәрбие процессін ұйымдастыру және басқару» тақырыбындағы шағын жинақты мектеп (бұдан әрі - ШЖМ) басшыларына арналған біліктілікті арттыру курсының білім беру бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) шағын жинақты мектеп (бұдан әрі - ШЖМ) басшыларының біліктілігін арттыруға арналған.

2. Бағдарлама орта білім беруді дамытудың негізгі бағыттарының инновациялық форматына және Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес ШЖМ жағдайында ұйымдастыру және басқару процессін, оқу-тәрбие процесін жобалаудың қажетті теориялық білімдері мен практикалық дағдыларын қамтамасыз етуге бағытталған.

2. Глосарий

Білім беру процессін технологияландыру - педагогикалық мақсат қоюды, дамудың мазмұндық және процессуалдық аспектілерін қамтамасыз ететін мұғалім мен оқушының реттелген іс-әрекет әдістерін қамтитын кешенді жүйе.

Білім сапасын басқару – бағдарланған нәтиже сапасын (нормалардың, стандарттардың және т.б.) қарқынды дамытуды қажет ететін, мемлекет пен қоғамның мүдделеріне сәйкес келетін, оқушының білім алу қажеттіліктерін қанағаттандыратын бақылау мен басқарылатын ішкі жүйелердің өзара әрекеттесуінің мақсатты, ресурстық, жобаланған білім беру процесі.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушылар – дарынды балалар мен мүмкіндігі шектеулі балалар.

Кейс - педагогикалық үдеріс пен педагогтың кәсіби іс-әрекетін әдістемелік қамтамасыз ететін біртұтас мультимедиялық ақпараттық кешен.

Қазіргі шағын жинақты мектептерді дамытудың тұжырымдамасы - ізденуге негіз болатын бастапқы теориялық ұсыныстар жүйесі, жобалау формаларының бірі, ол арқылы ШЖМ-де педагогикалық жүйелерді немесе процестерді құрудың негізгі көзқарасы, жетекші тұжырымдамасы, теориялық бастапқы қағидалары айтылады.

Қашықтықтан оқыту - электрондық және телекоммуникациялық құралдардың көмегімен білім беру ұйымдарынан қашықтықта орналасқан тұлғаларды оқыту, оқу-танымдық іс-әрекетін мақсатты және әдістемелік ұйымдастырылған басқару және дамыту нысандарының бірі.

Педагог-тьютор – білім алушылардың жеке білім беру бағдарламаларын әзірлеуді және оны сүйемелдеуді жүзеге асыратын педагог қызметкер.

Тұлғаның әлеуметтенуі – индивидтің әлеуметтік ортаға ену процесі, оның практикалық және теориялық іс-әрекеттердің іскерліктері мен дағдыларын

меңгеруі, өмірлік қарым-қатынастардың тұлғалық сапаға айналуы. Әлеуметтену деп қоғамдық өмір мен әлеуметтік қатынастар тәжірибесін ассимиляциялаудың тұтас көп қырлы процесі түсініледі.

Тірек мектебі (ресурстық орталық) - өзінің магнитті мектептерінің, мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының, кәсіптік лицейлердің қолда бар кадрларын, материалдық-техникалық, ғылыми-әдістемелік ресурстарын біріктіріп, сол арқылы ауылдық жердегі оқушылардың оқу-тәрбие процесінің дамуы мен сапасын қамтамасыз ететін, мақсаттары мен міндеттері ортақ біртұтас білім беру жүйесі

Тірек мектеп-ресурстық орталығы – бұл оның құрамына кіретін магниттік мектептердің, мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының, кәсіптік лицейлердің қолда бар кадрларын, материалдық-техникалық, ғылыми және әдістемелік ресурстарын біріктіретін, сол арқылы білім берудің дамуы мен сапасын қамтамасыз ететін, мақсаттары мен міндеттері ортақ біртұтас білім беру жүйесі. ауылдағы оқушылардың оқу процесі.

Шағын жинақты мектеп (ШЖМ) - білім алушылар контингенті шағын, сынып-жинақтары Біріктірілген және оқу сабақтарын ұйымдастырудың өзіндік нысаны бар жалпы білім беретін мектеп.

ШЖМ-тің үлгілік оқу жоспары - ШЖМ ерекшеліктерін көрсететін үлгілік оқу жоспары: пәнаралық және пәнішілік интеграцияны қажет ететін, оқушының жеке білім беру бағдарламасын, вариативтік және вариативтік оқу компонентінің сағаттарын өсіру қажеттігін көрсетіп отыратын аралас сыныптарда әр түрлі жастағыларды оқыту.

3. Бағдарлама тақырыбы

Модульдер	Тақырыптар
I. НОРМАТИВТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ МОДУЛЬ	1.1 Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарында (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы), Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасындағы (бұдан әрі – Тұжырымдама) білім беру жүйесіндегі мемлекеттік саясаттың тұжырымдамалық бағыттары
	1.2 «Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» Әдістемелік нұсқау хат (оқу жылына сәйкес)
	1.3 «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасы жүйесінде білім беру процесін ұйымдастыру және білім

	беру кеңістігін модельдеу
2. БАСҚАРУШЫЛЫҚ МОДУЛЬ	2.1 Білім беру саласындағы басқару жүйесін өзгерту. ҚР МЖМБС енгізу жағдайындағы озық жоспарлау технологиясы
	2.2 ШЖМ жағдайында тәрбие жұмысының негізгі тәсілдері: оқушылармен жұмыс; педагог кадрлармен жұмыс; ата-аналармен жұмыс; жеке тұлға мен топтың өзара қатынасы. ШЖМ тәрбие жұмысының құрылымы, негізгі тәсілдері мен бағыттары
	2.3 Сапаны басқару жүйесінің негізгі принциптері (ISO 9000, TQM)
	2.4 Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінің нормативтік құжаттарында педагогикалық дизайн идеяларының бейнеленуі. ID (P. Гагне, ADDIE) идеяларын ШЖМ оқу процесін ұйымдастыру мен басқаруда қолдану бағыттары
	2.5 Жақын және алыс шетелдердегі ШЖМ-нің қазіргі жағдайы мен даму мәселелері
	2.6 ШЖМ-де оқыту сапасын арттырудағы ресурстық орталықтардың рөлі
	2.7 Мектепшілік бақылау білім сапасын басқару құралы ретінде
3. МАЗМҰНДЫҚ – ПРОЦЕССУАЛДЫҚ МОДУЛЬ	3.1 Қазақстандағы ШЖМ: орта білім сапасының мәселелері және мұғалімдердің біліктілік сипаттамасы
	3.2 ШЖМ-дағы үлгілік оқу бағдарламаларының мазмұны бойынша жұмыстың ерекшелігі.
	3.3 Аралас сыныптарды оқыту жағдайында оқушылардың 4К құзіреттіліктерін дамыту үшін 7 модульді қолдана отырып сабақтарды ұйымдастыруда және өткізудегі қиындықтар. Тиімді сұрақтар. Ойлау деңгейлері, Блум таксономиясы. Ойлау дизайны
	3.4 ШЖМ жағдайында білім алуда ерекше қажеттіліктері бар баланы психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу. Өзекті даму аймағы. Жақын арадағы даму аймағы. Жеке оқу бағдарламалары
	3.5 Критериалды бағалаудың қағидаттары мен құрылымы. Қалыптастырушы бағалау үшін тапсырмаларды әзірлеу және бағалау әдістері
	3.6 Аралас сыныптарда формативті бағалау кезінде рефлексия мен кері байланыстың ерекшеліктері. Рефлексия, қорытынды, кері байланыс және бастапқы байланыс бойынша ұсыныстар. Бөлім/тоқсан бойынша жиынтық бағалауға арналған тапсырмаларды әзірлеу. Рубриканы жазу алгоритмі
	3.7 Білім беру салалары бойынша оқу жоспарын іске

	асыруда тірек мектептерде әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және басқару. ШЖМ жұмысын стратегиялық жоспарлау
	3.8 Шағын жинақты мектептер жағдайында сабақты зерттеу (Lesson Study) жұмыстарын ұйымдастыру. Зерттеу сабағының мақсаты мен тиімділігі, жоспарлау және бақылау
	3.9 ШЖМ мұғалімінің кәсіби қызметін жетілдіруде коучинг және менторинг процестерінің рөлі
	3.10 Тірек мектептердегі іс-әрекетті (Action Research) зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру ерекшеліктері. Зерттеудің мақсаты мен кезеңдері, іс-әрекеттегі зерттеуді жоспарлау
	3.11 Білім берудің институционалдық инклюзивтілігі
	3.12 Шағын жинақты мектеп: жағдайы және даму болашағы
	3.13 «ШЖМ басшысының кейсі» жобасының таныстырылымы
4. ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ МОДУЛЬ	4.1 Цифрландыру саясаты және қашықтықтан оқытудың заманауи мәселелері
	4.2 Ақпараттық білім кеңістігіндегі киберқауіпсіздік негіздері
	4.3 ШЖМ ерекшелігін ескере отырып, жаңартылған білім беру контексінде интерактивті оқыту технологиясын және кейс технологиясын дамытудың дидактикалық ерекшеліктері, негізгі қағидаттары мен әдістері
	4.4 Сапалы байланыс және құжаттама жүргізу үшін «бұлтты технологияларды» пайдалану
	4.5 ШЖМ басшысының кәсіби құзыреттілігінің қалыптасу деңгейін анықтау
5 ВАРИАТИВТІК МОДУЛЬ	5.1 ШЖМ жан басына шаққандағы қаржыландыру
	5.1 Мектепке дейінгі білім беру жүйесін жаңарту жағдайында ұйымдастыру-басқару қызметін жобалау және іске асыру ерекшеліктері (перспективалық жоспарлау, циклограмма)
	5.2 Білім беру ұйымдарында консалтингтік қызметті ұйымдастыру және жоспарлау
	5.2 Педагог мәртебесін әдістемелік қамтамасыз ету, корпоративтік этика

4. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері

Бағдарламаның мақсаты - Қазақстан Республикасында орта білім беруді дамытудың негізгі бағыттарының инновациялық контексінде ШЖМ

басшыларының педагогикалық және басқарушылық, оқу-тәрбие процесін жоспарлау, жобалау және ұйымдастыру дағдыларын жетілдіру; білім беру бағыттары мен білім деңгейлері бойынша оқу бағдарламаларын жаңарту және критериалды бағалау жүйесін енгізу контекстінде және кәсіби дамуына әдістемелік қолдау көрсету.

Бағдарлама міндеттері:

1) ШЖМ заманауи көшбасшының рөлі мен миссиясы, тұлғалық және кәсіби өзін-өзі жетілдіру туралы түсінік қалыптастыру;

2) көшбасшылық, менеджмент, стратегиялық жоспарлау, басқару және болжау саласындағы негізгі құзыреттерді қалыптастыру;

3) өз қызметі мен мұғалімдер мен оқушылардың қызметін жақсарту бойынша дағдыларын, әдістерін, нысандары мен тәсілдерін жетілдіруде қолдау көрсету;

4) оқыту мақсаттарына қол жеткізу үшін білім беру салалары мен білім беру деңгейлері бойынша оқу бағдарламаларына, ШЖМ ерекшелігіне және критериалды бағалау жүйесіне сәйкес педагогикалық тәсілдер мен оқу материалдарын пайдалану;

5) орта білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында педагогикалық ұжымды түсіну және қолдау көрсету, білім беруде ерекше қажеттіліктері бар балаларды қолдау;

6) кәсіби және әлеуметтік әріптестікті орнату, желілік қоғамдастық құру бойынша практикалық дағдыларды қалыптастыру.

Курс соңында тыңдаушылар:

1) ШЖМ мұғалімдерінің кәсіби дамуын қолдау, жеке және кәсіби өзін-өзі жетілдіру, заманауи басшының рөлдері мен миссияларын біледі және түсінеді;

2) басшыларда көшбасшылық және басқару, стратегиялық жоспарлау, менеджмент және болжау саласындағы түйінді құзыреттердің қалыптасады;

3) басшылардың өз қызметін және мұғалімдер мен оқушылардың қызметін жақсарту бойынша дағдыларды, әдістерді, формалар мен тәсілдерді түсінуі және қолданады;

4) білім беру салалары мен білім беру деңгейлері бойынша оқу бағдарламаларына және ШЖМ ерекшелігіне сәйкес педагогикалық тәсілдер мен оқу материалдарын пайдалану алгоритмін және оқыту мақсаттарына қол жеткізу үшін критериалды бағалау жүйесін жетілдіреді;

5) орта білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында педагогикалық ұжымды түсіну және қолдау көрсету, білім беруде ерекше қажеттіліктері бар балаларды қолдау дағдыларына ие болады;

6) кәсіби және әлеуметтік әріптестікті орнату, желілік қоғамдастық құру бойынша икемдері мен дағдыларын меңгереді.

5. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

6. Білім беру бағдарламасы 5 модульден тұрады:

1) нормативтік-құқықтық;

- 2) басқарушылық;
- 3) мазмұндық-процессуалдық;
- 4) технологиялық;
- 5) вариативтік.

1. Нормативтік-құқықтық модуль. Модульде ұсынылған дәріс тақырыптары тыңдаушыларға Қазақстан Республикасының Білім беру жүйесіндегі даму, тәрбие және оқыту үдерістеріне көзқарастардың өзгеруіндегі мемлекеттік саясаттың тұжырымдамалық бағыттары мен қағидаттарын анықтауға және аудандық (қалалық) әдістемелік кабинеттердің қызметін реттейтін нормативтік-құқықтық құжаттармен танысуға мүмкіндік береді.

2. Басқарушылық модуль. Модульді оқу барысында тыңдаушылар сапа менеджменті жүйесінің негізгі принциптерімен (ISO 9000, TQM), ШЖМ тәрбие жұмысының құрылымы, негізгі тәсілдері мен бағыттарымен танысып, ҚР білім беру жүйесінің нормативтік құжаттарында педагогикалық дизайн идеяларын ID (P. Гагне, ADDIE) ШЖМ оқу процесін ұйымдастыру мен басқаруда қолдану бағыттары мен жақын және алыс шетел ШЖМ дамуының қазіргі жағдайы мен мәселелері, ШЖМ-де оқыту сапасын арттырудағы ресурстық орталықтардың рөлі талданады.

3. Мазмұндық-процессуалдық модуль. Модульді зерделеу барысында тыңдаушылар Қазақстандағы ШЖМ-гі білім сапасының мәселелері, жаңартылған білім беру мазмұнын енгізудің ерекшеліктері мен алғышарттары, критериалды бағалаудың қағидаттары мен құрылымы, ШЖМ жағдайында білім алуда ерекше қажеттіліктері бар баланы психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу, білім беру салалары бойынша оқу жоспарын іске асыруда тірек мектептерде әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және басқару және ШЖМ жағдайында сабақты зерттеу (Lesson Study), мұғалімінің кәсіби қызметін жетілдіруде коучинг және менторинг процестерінің рөлі, іс-әрекетті (Action Research) зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру ерекшеліктері қарастырылады.

4. Технологиялық модуль. Тыңдаушылар педагогтің кәсіби қызметінде заманауи қашықтықтан оқыту технологияларын қолдану тәжірибесінде ақпараттық технологиялардың әдістерін, тәсілдері мен құралдарын қолдану аясын кеңейтеді; қашықтықтан білім беру технологияларын қолдана отырып, сапалы байланыс пен құжаттама жүргізу үшін «бұлтты технологияларды» қолдана отырып, білім беру ұйымының ақпараттық-білім беру ортасын (АБО) зерделеу мен құрудың әдістемелік аспектілерін қалыптастырады және жетілдіреді.

Тыңдаушылар дөңгелек үстелде ШЖМ басқарудың және жетілдірудің өзекті мәселелерін талқылауға, басшы кейсінің таныстырылымы арқылы ұйымдастырылған оқу қызметін жоспарлау бойынша жетістіктермен бөлісуге мүмкіндік алады.

5. Вариативтік модуль. Бұл модульдің тақырыптары тыңдаушылардың кіріс сауалнамасымен анықталады.

6. Оқу процесін ұйымдастыру

Курстар келесі режимде ұйымдастырылады:

1) Бағдарламаның оқу-тақырыптық жоспары (бұдан әрі-ОТЖ) бойынша курс күндізгі (қашықтықтан) оқыту режимінде ұйымдастырылады;

2) Оқу курсының ұзақтығы 80 академиялық сағатты құрайды.

Білім беру процесі біліктілікті арттырудың әрекеттік сипатын қамтамасыз ететін оқыту нысандары мен әдістерін қамтиды: дәріс-вебинар, таңдау бойынша дәрістер, практикалық жұмыс, дөңгелек үстел, өзіндік жұмыс.

Тыңдаушылардың кәсіби құзыреттіліктерінің қалыптасу деңгейін анықтау үшін білім беру процесін ұйымдастыру кезінде кіріс және шығыс сауалнамасы қарастырылған, тыңдаушылардың білімін бақылау және бағалау мақсатында «ШЖМ басшысының кейсі» таныстырылымы өткізіледі.

7. Бағдарламаның оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі

«Шағын жинақты мектептерде оқу-тәрбие процессін ұйымдастыру және басқару» тақырыбындағы күндізгі (қашықтықтан) оқу режиміндегі курстың оқу-тақырыптық жоспары (80 сағат)

№	Сабақтың тақырыптары	Дәріс -	Тәжірибелік жұмыс	Таңдау дәрісі	Кейс таныстырыл	Дөңгелек	Тестілеу	Барлығы
I.	НОРМАТИВТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ МОДУЛЬ	6						6
1.1	Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарында (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы), Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасындағы (бұдан әрі – Тұжырымдама) білім беру жүйесіндегі мемлекеттік саясаттың тұжырымдамалық бағыттары	2						2

1.2	«Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» Әдістемелік нұсқау хат (оқу жылына сәйкес)	2						2
1.3	«Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасы жүйесінде білім беру процесін ұйымдастыру және білім беру кеңістігін модельдеу	2						2
2	БАСҚАРУШЫЛЫҚ МОДУЛЬ	14	6					20
2.1	Білім беру саласындағы басқару жүйесін өзгерту. ҚР МЖМБС енгізу жағдайындағы озық жоспарлау технологиясы	2						2
2.2	ШЖМ жағдайында тәрбие жұмысының негізгі тәсілдері: оқушылармен жұмыс; педагог кадрлармен жұмыс; ата-аналармен жұмыс; жеке тұлға мен топтың өзара қатынасы. ШЖМ тәрбие жұмысының құрылымы, негізгі тәсілдері мен бағыттары	2	2					4
2.3	Сапаны басқару жүйесінің негізгі принциптері (ISO 9000, TQM)	2	2					4
2.4	Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінің нормативтік құжаттарында педагогикалық дизайн идеяларының бейнеленуі. ID (P. Гагне, ADDIE) идеяларын ШЖМ оқу процесін ұйымдастыру мен басқаруда қолдану бағыттары	2						2
2.5	Жақын және алыс шетел ШЖМ дамуының қазіргі жағдайы мен мәселелері	2						2
2.6	ШЖМ-де оқыту сапасын арттырудағы ресурстық орталықтардың рөлі	2						2
2.7	Мектепішілік бақылау білім сапасын басқару құралы ретінде	2	2					4
3	МАЗМҮНДЫҚ-ПРОЦЕССУАЛДЫҚ МОДУЛЬ	16	18		4	2		40
3.1	Қазақстандағы ШЖМ: орта білім сапасының мәселелері және мұғалімдердің біліктілік сипаттамасы	2						2

3.2	ШЖМ-дағы үлгілік оқу бағдарламаларының мазмұны бойынша жұмыстың ерекшелігі	2						2
3.3	Аралас сыныптарды оқыту жағдайында оқушылардың 4К құзіреттіліктерін дамыту үшін 7 модульді қолдана отырып сабақтарды ұйымдастыруда және өткізудегі қиындықтар. Тиімді сұрақтар. Ойлау деңгейлері, Блум таксономиясы. Ойлау дизайны		4					4
3.4	ШЖМ жағдайында білім алуда ерекше қажеттіліктері бар баланы психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу. Өзекті даму аймағы. Жақын арадағы даму аймағы. Жеке оқу бағдарламалары	2	2					4
3.5	Критериалды бағалаудың қағидаттары мен құрылымы. Қалыптастырушы бағалау үшін тапсырмаларды әзірлеу және бағалау әдістері		2					2
3.6	Аралас сыныптарда формативті бағалау кезінде рефлексия мен кері байланыстың ерекшеліктері. Рефлексия, қорытынды, кері байланыс және бастапқы байланыс бойынша ұсыныстар. Бөлім/тоқсан бойынша жиынтық бағалауға арналған тапсырмаларды әзірлеу. Рубриканы жазу алгоритмі		2					2
3.7	Білім беру салалары бойынша оқу жоспарын іске асыруда тірек мектептерде әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және басқару. ШЖМ жұмысын стратегиялық жоспарлау	2	2					4
3.8	Шағын жинақты мектептер жағдайында сабақты зерттеу (Lesson Study) жұмыстарын ұйымдастыру. Зерттеу сабағының мақсаты мен тиімділігі, жоспарлау және бақылау	2	2					4
3.9	ШЖМ мұғалімінің кәсіби қызметін жетілдіруде коучинг және менторинг процестерінің рөлі	2	2					4

3.10	Тірек мектептердегі іс-әрекетті (Action Research) зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру ерекшеліктері. Зерттеудің мақсаты мен кезеңдері, іс-әрекеттегі зерттеуді жоспарлау	2	2					4
3.11	Білім берудің институционалдық инклюзивтілігі	2						2
3.12	Шағын жинақты мектеп: бүгінгі жағдайы және даму болашағы					2		2
3.13	«ШЖМ басшысының кейсі» жобасының таныстырылымы				4			4
4	ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ МОДУЛЬ	4	4				2	10
4.1	Цифрландыру саясаты және қашықтықтан оқытудың заманауи мәселелері	2						2
4.2	Ақпараттық білім кеңістігіндегі киберқауіпсіздік негіздері	2						2
4.3	ШЖМ ерекшелігін ескере отырып, жаңартылған білім беру контексінде интерактивті оқыту технологиясын және кейс технологиясын дамытудың дидактикалық ерекшеліктері, негізгі қағидаттары мен әдістері		2					2
4.4	Сапалы байланыс және құжаттама жүргізу үшін «бұлтты технологияларды» пайдалану		2					2
4.5	ШЖМ басшысының кәсіби құзыреттілігінің қалыптасу деңгейін анықтау						2	2
5	ВАРИАТИВТІК МОДУЛЬ			4				4
5.1	ШЖМ жан басына шаққандағы қаржыландыру							
5.1	Мектепке дейінгі білім беру жүйесін жаңарту жағдайында ұйымдастыру-басқару қызметін жобалау және іске асыру ерекшеліктері (перспективалық жоспарлау, циклограмма)			2				2
5.2	Білім беру ұйымдарында консалтингтік қызметті ұйымдастыру және жоспарлау			2				2
5.2	Педагог мәртебесін әдістемелік қамтамасыз ету, корпоративтік этика							

Қазақстан Республикасында білім беру мазмұнын жаңартудағы орта білім беру (TIMSS, PISA) және мектепке дейінгі білім беру (ECERS-R) сапасын халықаралық бағалаудың рөлі								
БАРЛЫҒЫ:	40	28	4	4	2	2	80	

Ескерту: Курстың бір академиялық сағаты 45 минутты құрайды (педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және өткізу, сондай-ақ педагог қызметін курстан кейінгі сүйемелдеу қағидаларына сәйкес/ Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 7 тамыздағы №249 бұйрығы).

8. Оқу нәтижелерін бағалау

Тыңдаушылардың кәсіби құзыреттіліктерінің қалыптасу деңгейін анықтау үшін оқытушы Бағдарлама мазмұнын меңгеруді бағалаудың критерийлері мен параметрлерін әзірлеп, курстың ОӘК–не енгізеді және тыңдаушылардың білімін бақылау мен бағалау нысаны оқытушының таңдауы бойынша өзгертуге болады.

ШЖМ басшыларының кәсіби құзыреттілігінің қалыптасу деңгейін анықтау үшін «ШЖМ басшысының кейсі» таныстырылымы өткізіледі.

1) «ШЖМ басшысының кейсі» таныстырылымы. Мақсаты-біліктілікті арттырудың осы бағдарламасының модульдерін игеру қорытындысы бойынша басшының өз қызметінің траекториясын жоспарлау мен бағалаудың инновациялық тәсілдерін түсіну мен қолдануды бағалау.

«ШЖМ басшысының кейсі» таныстырылымына қойылатын талаптар:

- Автордың өзін-өзі таныстыруы
- Лауазымдық міндеттер шеңберіндегі өз қызметін SWOT – талдау
- Жұмыстағы қиындықтарды саралау (gap)
- Мақсат қою арқылы өзін-өзі дамыту траекториясын анықтау (SMART)
- Басшының өзін-өзі дамыту қадамдарын әзірлеу

«ШЖМ басшысының кейсі» таныстырылымын бағалау критерийлері:

«ШЖМ басшысының кейсі» таныстырылымын бағалау бойынша қорытынды ең жоғары балл саны – 15 балл.

Таныстырылым келесі шәкілдер арқылы бағаланады: 0 – дәлелдемелер ұсынылмады, 1 – дәлелдемелер әлсіз, 2 – дәлелдемелер күшті, 3 – дәлелдемелер өте күшті (*әрбір критерий бойынша максимумды балл - 3*). *Таныстырылымның ұзақтығы: 5-7 минут*

№ п\п	Бағалау критерийлері	Баллдар				Қорытынды
		0	1	2	3	
1	Өзін-өзі таныстыру деректері дұрыс көрсетілген					
2	SWOT талдауында өз қызметінің ерекшелігі қарастырылады, лауазымдық міндеттердің әдістемелік аспектісі туралы түсінік байқалады					

3	Жұмыстағы қиындықтарды саралау басшының қызметі мен өзін-өзі дамытуымен тікелей байланысты кемінде 5 гар болып табылады				
4	Өзін-өзі дамыту траекториясы басшының қызметімен және өзін-өзі дамытуымен байланысты SMART мақсат қою арқылы бекітіледі.				
5	Басшының өзін-өзі дамытудың кемінде 3 қадамы әзірленді				
Қорытынды балл (мақ – 15 балл)					

9. Курстан кейінгі қолдау

1-кезең – куратордың (оқытушының) консультациялар курсын, әртүрлі байланыс құралдарын (e-mail, мессенджерлер, әлеуметтік желілер (WhatsApp және т.б.), сервистер (Google - Duo, Hangouts және т. б.), Интернет – платформаны қолдана отырып, он-лайн іс-шараларды өткізуі;

2-кезең – пилоттық ұйымның жұмыс тәжірибесін (тыңдаушылардың құзыреттілігін) электрондық пошта, мессенджерлер, әлеуметтік желілер арқылы зерделеу. Оларды қажетті әдістемелік және цифрлық ресурстармен қамтамасыз ету, әдістемелік десанттарды жүзеге асыру;

3-кезең – куратор (оқытушы) тыңдаушылардың кәсіби құзыреттілігін дамытуға қажетті қолдауды жүзеге асырады:

- семинарларда, дөңгелек үстелдерде сөз сөйлеу (аймақтық, облыстық, республикалық деңгейдегі);

- кәсіби конкурстарға қатысу (облыстық, республикалық деңгейдегі);

- сараптама тобының құрамына қатысу (жұмыстар және т. б.);

- облыстық, республикалық және халықаралық деңгейдегі басылымдарда,

БАҚ-та ғылыми-әдістемелік мақалалар жариялау (авторлық бірлестікте болуы мүмкін).

10. Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі

Негізгі әдебиеттер:

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029031>

2. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы (27.07.2007ж. № 319-III, Қолданыстағы өзгерістер және толықтыруларымен) // <http://adilet.zan.kz>

3. «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 қаулысы. // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000726>

4. Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және

кәсіптік білім беруді дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №249 қаулысы // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000249>

5. «Қашықтықтан білім беру технологиялар бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 20.03.2015ж № 137 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы» (ҚР БҒМ 3.11.2021 ж. №547 бұйрығымен енгізілген өзгерістермен) // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1500010768>

6. Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы. ҚР Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 16 қыркүйектегі № 472 бұйрығы.

7. Педагог мәртебесі туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI ҚРЗ // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1900000293>

8. «Педагогикалық әдептің кейбір мәселелері туралы» (өзгерістерімен және толықтыруларымен ҚР БҒМ 2020 жылғы 11 мамырдағы №190 бұйрығы).

9. «2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хат. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2023. – 104 б. // <https://uba.edu.kz/storage/app/media/2023%20%D3%98%D0%9D%D0%A5/%20%20%D0%BA%D0%B0%D0%B7%2028%2008%202023.pdf>

10. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы//Электрондық ресурс: <http://adilet.zan.kz>

11. Қазақстан Республикасында шағын жинақты мектептерді дамытудың 2010-2020 жылдарға арналған тұжырымдамасы. www.nao.kz

12. «Қазақстан Республикасы білім беру жүйесінің статистикасы» Ұлттық жинақ – «Ақпараттық - талдау орталығы» АҚ; Нур-Сұлтан, 2020. - 308 бет

13. Жаслан Нұрбаев. **Орта білім беру жүйесіндегі теңсіздік:** Қазақстан Республикасының шағын жинақты мектептерін реформалау саясатының талдамасы. – 2021, - 87 бет. - <https://www.soros.kz/wp-content/uploads/2021/02/%D0%9D%D0%B5%D1%80%D0%B0%D0%B2%D0%B5%D0%BD%D1%81%D1%82%D0%B2%D0%BE-%D0%B2-%D1%81%D0%B8%D1%81%D1%82%D0%B5%D0%BC%D0%B5-%D0%A1%D0%9E-%D0%BA%D0%B0%D0%B7.pdf>

14. Қазақстанның шағын жинақты мектептерін реформалаудың 5 мәселесі / пікір Posted on 27.08.2020 by <https://factcheck.kz/mneniya/5-problem-reformirovaniya-malokomplektnyx-shkol-kazaxstana-mnenie/>.

15. Lesson Study (сабақты зерттеу) бойынша мұғалімге арналған нұсқаулық/Т. Чичибу (Жапония), Л. Ду Тоит (Оңтүстік Африкалық Республикасы), А. Тулепбаева (Қазақстан Республикасы). - Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2013. - 68 б.

16. STEM-образование в мире и Казахстане. – //Электронный ресурс: <http://otbasym.kz>

17. Адильгазинов Г.З. Современное состояние малокомплектной школы и концептуальные основы развития / Г. З. Адильгазинов // Материалы Междунар.

науч.-практ. конф. «Малокомплектная школа: состояние и перспективы». – Актобе, 2011.

18. Адильгазинов Г.З. Теория и практика совершенствования управления педагогическим процессом в малокомплектной школе : моногр. / Г.З.Адильгазинов. - Verlag Lambert Academic Publishing – Saarbruecken, Germany, 2013.

19. Алехина С. "Инклюзивное образование в контексте современной образовательной политики". Режим доступа: <http://inclusive-edu.ru/>

20. Дизайн-мышление. Как организовать проект в школе? / Методическое пособие по применению человекоориентированного подхода для учителей. – Москва: Центр дизайн мышления, 2018 – 20 с.

21. Компетенции 21 века в национальных стандартах школьного образования: анализ. обзор в рамках проекта подготовки международ. докл. “Ключевые компетенции и новая грамотность: от деклараций к реальности” [Электрон. ресурс]. — Режим доступа: https://vbudushee.ru/files/4countrycases_1.pdf. —Дата доступа: 17.02.2020.

22. Қ.С. Абдраманова, Ж.Д. Жансүгірова Іс-әрекеттегі зерттеуде деректермен жұмысты қалай ұйымдастыруға болады. Әдістемелік құрал.- Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2015. - 56 б.

23. Лебедева Л.А., Акпаева А.Б. Теория и технология педагогического процесса в малокомплектной начальной школе. Учебное пособие для студентов специальности 5В010200-«Педагогика и методика начального обучения». Алматы,

24. Малокомплектные школы в странах дальнего и ближнего зарубежья: проблемы и перспективы. - <http://vsa.kaznpu.kz/?tm=1&menu=15>

25. Организация образовательного процесса в МКШ в условиях перехода к компетентностному образованию. Методические рекомендации /сост: А.Е. Зейнелова. - Кокшетау, 2014 – 90 с.

26. Патракеев В.Г. Педагогические технологии коррекционно-развивающего обучения школьников со сниженными учебными возможностями. Издательство: УЦ "Перспектива". 2013.-164 с.

27. Пит Дадли. Lesson Study: нұсқаулық. - Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2012. - 17 б.

28. Сабақты зерттеу – бірлескен оқу тәсілі: әдістемелік нұсқаулық/ Қ.С.Абдраманова, Б.К.Ділманов. – Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2017. - 80 б.

29. Технологии дистанционного обучения. Информационный портал «Дистанционное обучение» <http://www.distance-learning.ru/> .

Қосымша әдебиеттер:

1. Bransford, J., Darling-Hammond, L. & Le Page, P. (2005). Introduction. In Bransford J. & Darling-Hammond L., (Eds.) Preparing Teachers for a Changing World [Подготовка учителей к меняющемуся миру]. San Francisco:Wiley Imprint.

2. Wood, D., Bruner, J. S. & Ross, G. (1976) The role of tutoring in problem solving [Роль наставничества в решении задач], Journal of Psychology and

Psychiatry. 17

3. Білім мазмұнын жаңарту жағдайында ШЖМ-да біріккен бастауыш сыныптардағы сабақтарды өткізу және ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар. Әдістемелік ұсынымдар - Нұр-Сұлтан: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2019. – 160 б.

4. Загашев И. О., Заир-Бек С. И. Критическое мышление: технология развития. — СПб: Альянс-Дельта, 2003. — 284 с.

5. Краснянский М.Н., Радченко И.М. Основы педагогического дизайна и создания мультимедийных обучающих аудио/видео материалов. Учебно-методическое пособие. Тамбов. – 2006.

6. Лизинский В.М. Психолого-педагогический и управленческий дневник директора школы. - М.: Центр «Педагогический поиск», 2001.

7. Методические рекомендации по организации внеклассной работы в условиях развития обучения на трех языках в МКШ. Методические рекомендации. - Астана: НАО имени И. Алтынсарина, 2018. – 250 с.

8. Методические рекомендации по системе критериального оценивания учебных достижений детей с ограниченными возможностями. – Астана: Национальная академия образования им. И. Алтынсарина, 2015. – 54 с.

9. Такушевич И. А. Исследование педагогического дизайна В синхронии и диахронии. Академический вестник Института педагогического образования и образования взрослых РАО. Человек и образование № 2 (43) 2015.

10. Шағын жинақты мектептегі жаңа педагогикалық технологияларды қолдану: Әдістемелік құрал. – Орал: М.Өтемісов атындағы БҚМУ БАҚ және баспа орталығы, 2011.

11. Бершадский М.Е. Когнитивная образовательная технология: построение когнитивной модели учащегося и ее использование для проектирования учебного процесса /Школьные технологии. - № 5, 2005 г., с.73-83с.

12. Шектеу шаралары жағдайында оқыту кезіндегі қалыптастырушы бағалау бойынша ЖАДЫНАМА//Электрондық ресурс: <https://nao.kz>

13. ШЖМ үш тілде оқытуды дамыту жағдайында сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар. Әдістемелік ұсынымдар - Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2018. – 250 б.

14. Оқу-тәрбие процесіндегі қазіргі заманғы менеджменттің әдістері: Әдістемелік нұсқаулық /Орақова А.Ш., Жаксылыкова К.З., Белденбаева М.Т. – Алматы, 2017.-48 б.

15. Омарова, В.К. Современные парадигмы образования [Текст]: учебное пособие / В.К. Омарова. – М.: Юстиц Информ, 2014. – 573 с.

16. Подковырова В. Н. Основы педагогического дизайна [Электронный ресурс]. – URL: http://school.uni-altai.ru/m_conf01/podkovirova-dezign.pdf (дата обращения: 26.02.2015).

17. Методические рекомендации по организации «Айналаға қара» («Жизнь аула», «Жизнь города»): социально-исторический опыт» – НАО им.И.Алтынсарина, 2018. – 224 с.

18. Гребенкина Л.К. и др. Настольная книга директора школы. - М.: Центр «Педагогический поиск», 2002
19. Червонный М.А. Малокомплектные школы в странах дальнего и ближнего зарубежья: проблемы и перспективы./Вестник ТГПУ.2009.Вып. % (830.
20. Ис-әрекеттегі зерттеу. Әдістемелік нұсқаулық. – Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2012. - 96 б.
21. Тен Л.С., Кушкарбаев Е.М., Бектыбаева Г.Ш. и др. Smart-обучение в системе повышения квалификации педагогов. Методическое пособие. – Алматы: АОО НЦПК «Өрлеу», 2014.
22. Мұғалім-тәлімгердің жұмыс кітабы. Біліктілікті арттыру жүйесіндегі мұғалімдерге арналған жұмыс кітабы/ Құраст.: Оракова А.Ш., Корнилова Т.Б., Жартынова Ж.А., Касымова А.А., Насырова Г.У. - Алматы, «Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы ҚР ББЖҚБАРИ деңгейлік бағдарламалар орталығы,, 2017. – 88 б.
23. Коуч-мұғалімнің жұмыс кітабы. Біліктілікті арттыру жүйесіндегі мұғалімдерге арналған жұмыс кітабы/ Құраст.: Оракова А.Ш., Корнилова Т.Б., Жартынова Ж.А., Касымова А.А.- Алматы, «Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы ҚР ББЖҚБАРИ деңгейлік бағдарламалар орталығы,, 2017. – 84 б.